

## Астана қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 24 қарашадағы № 104/15-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 9 желтоқсанда № 25676 болып тіркелді.

**Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 30.06.2023 № 43/5-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 97-бабына, "Тұрғын үй көмегін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрлігінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 117 бүйріғына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33763 болып тіркелген) сәйкес Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 06.05.2024 № 176/21-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

1. Астана қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі осы шешімнің қосымшасына сәйкес айқындалсын.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 30.06.2023 № 43/5-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

2. Келесі шешімдердің күші жойылды деп танылсын:

1) Астана қаласы мәслихатының "Нұр-Сұлтан қаласында тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы туралы" 2019 жылғы 6 наурыздағы № 363/45-VI (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1222 болып тіркелген) шешімі;

2) Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының "Астана қаласында тұрғын үй көмегін көрсету қағидалары туралы" Астана қаласы мәслихатының 2019 жылғы 6 наурыздағы № 363/45-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2020 жылғы 22 қыркүйектегі № 532/72-VI (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1292 болып тіркелген) шешімі.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласы  
мәслихатының хатшысы

E. Каналимов

Нұр-Сұлтан қаласы  
мәслихатының

2021 жылғы 24 қарашадағы

№ 104/15-VII шешіміне

қосымша

## **Астана қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі**

**Ескерту. Қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 30.06.2023 № 43/5-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Астана қаласында тұрақты тіркелген және тұратын, Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз тұрғынжай ретінде меншік құқығында тұрған тұрғынжайды тұрақты тіркелген және тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға), сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды жалдаушыларға (қосымша жалдаушыларға):

кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін қурделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарға;

коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға;

мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге беріледі.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Аз қамтылған отбасының (азаматтың) жиынтық табысының шекті жол берілетін шығыстар үлесі 5 (бес) пайыз мөлшерінде.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 30.06.2023 № 43 /5-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

2. Тұрғын үй көмегін тағайындауды уәкілетті орган – "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – уәкілетті орган) жүзеге асырады.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 30.06.2023 № 43 /5-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

3. Қызметті алушының жиынтық табысын уәкілетті орган тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірген тоқсанның алдындағы тоқсанға "Тұрғын үй көмегін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылымыс

министрінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 117 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33763 болып тіркелген) (бұдан әрі - Тұрғын үй көмегін беру қағидалары) айқындалған тәртіппен есептейді.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 06.05.2024 № 176/21-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен сон қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

4. Тұрғын үй көмегі кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмысалатын шығыстарды, коммуналдық көрсетілетін қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде көрсетілетін байланыс қызметтерін тұтынуға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге арналған шығыстарға ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсайтын шығыстарының жергілікті өкілді органдар белгілеген шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

5. Тұрғын үй көмегінің мөлшері мынадай нормалар шегінде есептеледі:

1) 1 айға электр энергиясын тұтыну нормалары:

150 киловатт – бір-үш адамнан тұратын отбасы;

200 киловатт – төрт және одан да көп адамдардан тұратын отбасы;

2) газ тұтыну нормасы, су бұру, сумен жабдықтау қызметтері, қатты-тұрмыстық қалдықтарды шығару, лифтке қызмет көрсету – тариф бойынша әр адамға ай сайын.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 26.12.2023 № 134/16-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен сон қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

6. Тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй алаңының нормасына Қазақстан Республикасының Тұрғын үй заңнамасымен белгіленген тұрғын үй беру нормасы бір адамға он сегіз шаршы метр.

Жалғыз тұратын аз қамтылған отбасылар (азаматтар) үшін тұрғын үй алаңының нормасы отыз шаршы метр, бірақ бір бөлмелі пәтерден немесе жатақханадағы бөлмеден кем емес болып қабылданады.

7. Әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеу "Әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифтерінің өсуін өтеу мөлшерін айқындау және қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 295/НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33200 тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 26.12.2023 № 134/16-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен сон қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

8. Табысы аз отбасы (азамат) (немесе оның сенімхатқа, зандарға, сот шешіміне не әкімшілік құжатқа негізделген өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін Тұрғын үй көмегін беру қағидаларына сәйкес тоқсанына бір рет "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорацияға (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) немесе "электрондық үкімет" веб-порталына жүгінеді.

Құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау мерзімі не Мемлекеттік корпорациядан не "электрондық үкімет" веб- порталы арқылы құжаттардың толық жиынтығын қабылдаған күннен бастап бас тарту туралы дәлелді жауап сегіз жұмыс күнін құрайды.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 06.05.2024 № 176/21-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен сон қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

9. Тұрғын үй көмегі жеткізушилер ұсынған кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде шығыстар сметасына сәйкес кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған ай сайынғы жарналар туралы шоттар және аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) бюджет қаражаты есебінен коммуналдық қызметтерге ақы төлеу шоттары бойынша көрсетіледі.

10. Тұрғын үй көмегін тағайындау Астана қаласының бюджетінде тиісті қаржы жылына көзделген қаражат шегінде аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) жүзеге асырылады.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 30.06.2023 № 43/5-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен сон қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

11. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеуді уәкілетті орган есептелген сомаларды тұрғын үй көмегін алушылардың жеке шоттарына екінші деңгейдегі банктер арқылы аудару жолымен жүзеге асырады.